

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
IX том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӨОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,
әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жакып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков,
З. Сейітжанов, Ә. Тарақ, А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек,
П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі),
И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір-жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ә. Тарақ**

Жалпы-редакциясын-басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Авторлар:

Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақ, А. Көпбасарова, М. Қожақанова,
Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева, А. Түнкер

Жауапты-редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейітжанов**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. IX том. Пәнаралық
зерттеу / Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақ, А. Көпбасарова, М. Қожа-
қанова, Қ. Сандыбаева, А. Сайдажиева, А. Кіребаева,
А. Түнкер; жауапты ред. З. Сейітжанов; жалпы ред. басқ.
Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 291 б.

-ISBN-978-601-04-1617-8(ортақ)

-ISBN-978-601-04-1717-5-(IX-том)

Бұл томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын қабылдау, ақын шығармашылығының мәдениетаралық өрісі мен байланыстары, асыл нұсқа мен аударма мәселелері қарастырылған. Авторлық дүниетаным (түсіну, пайымдау, бағалау), мазмұн мен мағына, образ және образдылық, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, оларды қабылдау, пайымдау және аксиологиялық талдау бағыттарындағы жаңа ғылыми ойларға негізделген.

Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай өлемін терең тануға талаптанған көпшілік оқырманға арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӨОЖ-821.512.122.0-

КБЖ-83.3(5Қаз)-

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)
ISBN 978-601-04-1717-5 (IX-том)

© Авторлар ұжымы, 2016
©-Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

V тарау

МАЗМҮН МЕН МАҒЫНА

Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» және «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» өлеңдерінде заман және заманның адамы жаңа азаматтық тұрғыдан суреттеледі. Әрине, ақын бұл өлеңдерді жазған (1886) жылдарда қартайып отырған жоқ-ты. Бұл тұстарда ол қырық жастан енді ғана асқан еді. Ақын қартайдық деп отырғанымен, өлеңнен оның қайнаған қайраты мен тасыған ерік-жігері айқын байқалады. Сөйте тұра ол ақылшы қарт кісілердің, елдің ақсақалы ретінде толық танылған ақылшы қарияның кейпімен сөйлсіді. Ақынның өмірдегі жеке басы мен өлеңдегі жан шындығынан «құлшынып, өрлеп келе жатқан, қайнап өсіп, дами бастаған шабытты ақынның шалқып жанған жалынын сеземіз» [1, 113-114]. М. Әуезов өлең бойындағы осындай мазмұнды көре отырып, бұл жалынның кәрілік нышаны емес, кемеліне келіп отырып, кектенген күресті іздейтін, қуаты күшті жүректен шығатынын аңғартады [1, 114]. Сонымен қатар өлеңде ақынның ел қамын, халық болашағын ойлаудан туып жатқан мұны да тұнып тұр. Басқаша айтсақ, өлеңде елдің жайы мен сол елдің жайына қарап отырып күйінген ердің жан шындығы қатар көрініс берген. Бұл екі сарын өлеңнің басынан аяғына дейін өзара ұштасып, бірін-бірі байытып, дамытып отырады. Мұның өзі шығарманың мазмұны мен түрін, ақынның даралығын ерекшелейтін басты поэтикалық құбылыстар қатарына жатады. Сондықтан өлеңнің орыс тіліндегі аудармасында бұл секілді ерекшеліктердің берілуі, тиісті көркемдік деңгейде көрініс табуы аса маңызды.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,
Шопимын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман [2, 46].

Бастапқы тармақ ақынның өз жағдайы, ішкі күйі туралы. Осы күй келесі тармақта нақтылана түседі, ақынның ішкі күйін қозғаушы құбылыс қатарында «кейінгі жас балалар» көзге түседі. Кейінгі екі тармақта бұл нақты ұғым жалпыланып, біреуге емес, барша жұртқа тән құбылыс деңгейіне көтеріледі. Сөйтіп, бастапқы екі тармақ ақынның ішкі күйін, сезім сипатын танытса, кейінгі екі тармақ түгелдей сол ішкі күйді, сезім толқынын шақырып тұрған нақты өмір құбылыстарын көрсетеді. Шумақтың мағыналық құбылысы ақынның ойлау ерекшелігін танытады. Аудармада осы көрсетілген көркемдік ерекшеліктер басқаша сипатта беріледі:

Вот и старость... Свершиться мечтам не дано!
Поколение новое вижу. Оно
Научилось ловчить, но не хочет трудиться.
И повсюду стяжательство только одно [3, 31].

Жоғарыда әр тармақтың өзіне тән мазмұны, ол мазмұнының өлең шумағында көрініс тапқан мазмұн мен түрдің келісімі үшін маңыздылығы жоғары екендігі айтылды. Аудармада ондай, түпнұсқадағыдай мазмұнның толықтығы, ойдың жүйелілігі, ақын ойлауының өзіне тән ерекшелігі сақталмаған. «Вот и старость...» пен «Қартайдық» бір-біріне лайықты балама қызметін атқара алмайтыны өз-өзінен көрініп тұр. «Ұлғайды арман» беретін мағына бір басқа да, «Свершиться мечтам не дано» беретін мағына мүлде бір басқа. Ақын айтып отырған «арманның ұлғаюы» оның орындалмайтындығы туралы түсінікке мүлде жақын келмейді. Арманның орындалмауы, орындалуының мүмкін болмауы мен арманның ұлғаюы арасында үлкен мағыналық алшақтық бар.

Оның үстіне аудармашы осы тармақтағы «қайғы ойладық» тіркесін мүлде назардан тыс қалдырып кеткен. Өлеңнің осы тармағындағы үш ұғымды білдіретін үш бунақ сөздер тобы бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Олардың бірі беретін ой келесі бунақтағы сөздер арқылы сатылы түрде дамып отырады. Соның нәтижесінде ақынның ішкі сыры, көңіл күйі неғұрлым

толық ашылады. Аудармада мұндай жүйе, ақынның ішкі күйін, сезім сипатын білдіретін сөздер желісі, қатары сақталмаған. А. Гатовтың бұл аудармасы Абай шығармаларының бұрынғы басылымында басқаша еді. Бірақ ол да ақын шығармасының сыртқы сымбаты мен ішкі сырын толық жеткізе алмаған-ды [4, 11]. Мына кейінгі жетілген, өңделген күйінде де аударма ақын ойын, ақын ойлауының жүйесін, ақынның ішкі күйін дұрыс жеткізе алмаған.

Әуесхан Қодар ақын өлеңінің осы шумағын былай аударды:

Где старость, там скорбь, там мученье одни,
Боюсь я юнцев в эти странные дни.
Кого не увижу, с глазами собак,
Давно все продажны и алчны они [5, 89].

Ақын өлеңінің бастапқы тармағының мына аудармада ізі де қалмаған. Біз ақынның ойының, ойлауының, ішкі күйінің ізі туралы айтып отырмыз. Ақын өзінің ішкі күйін бірыңғай етістіктер арқылы берген. Әрине, әңгіме етістік туралы емес, сол арқылы берілген ақынның көңіл күйінде, сезім сырында. Ақынның осы сыры түпнұсқада әр сөз арқылы дамып, үдей түсіп отыратын болса, аудармада ондай ештеңе көзге түспейді. Ақынның өлеңіндегі «Терін сатпай, телміріп, көзін сатып» деген тармақ тұтастай бейнелі. Тер сату, көз сату тіркестеріндегі әр сөздің өз орны бар, ол орын тұрақты, оны өзгертуге болмайды. Сондай-ақ «телміру» сөзі де нақты көріністі білдірмейді, кісінің ішкі күйін аңғартатын мағынасы бай сөздердің қатарына жатады. Бұл секілді сөздердің тобына орыс тілінде балама табу оңай емес екені түсінікті. Әйтсе де аудармашылардың шығармашылық ізденістерін қанағат тұту да лайықты емес. Мұндай аударуға қиын тілдік бірліктерді дәлме-дәл не баламасын тауып аудару терең білім мен үлкен шеберлікті, талантты талап ететіні анық. Бұл сөздердің тобын айтпағанда, қарапайым, тура мағынадан басқа қосарлы мәні жоқ сөздердің тобын аударуда да аудармашылар түпнұсқа деңгейіне, лайықты шеберлік биігіне көтеріле алмайды. Абайдың тіліне, ойына, жанына басқа аудармашылардан аз да

болса жақын деген аудармашы Ә. Қодардың өзі «Шошимын кейінге жас балалардан» деген тармақты жете түсінбей, оның құрылым-жүйесін анық білмей аударған. Аудармадағы «в эти странные дни» деген тіркес тұтас артық. Ақын ешқандай мезгілдік мағынасы бар ой қозғамаған: күн туралы да, жыл туралы да ұғым жоқ. Түпнұсқада жоқ ұғымды, жоқ түсінікті, жоқ ойды аудармаға алып келіп жапсыра салу автордың ақындық өнеріне, даралығына көлеңке түсірген.

М.С. Сильченко Абайдың шығармашылық өмірбаяны туралы еңбегінде ақынның осы өлеңінің бірнеше шумақтарын нақты талдайды. Түпнұсқа мен жолма-жол аударманы қатар бере отырып, зерттеуші Абай өлеңінің мазмұнын терең ашуға жол табады.

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп [2, 46], –

деген келесі шумақтың алғашқы екі тармағын М.С. Сильченко былайша жолма-жол аударды:

Бай берет, говоря: современем возвращу с лихвой.
Попадешь в нужду – даром /тебе/ дам [6, 58].

Жолма-жол аударма, әрине, көркем аударма талаптарына жауап бермейді. Ал ақын шығармасының мазмұнын, ақынның басты ойын жеткізуге келгенде, оның атқаратын қызметі маңызды.

Ғалым өз еңбегінде түпнұсқа мен оның орыс тіліндегі аудармасын қатар беруді ескермей қалған жоқ, түпнұсқаның мағынасын жолма-жол аудару арқылы ақынның ойын толық жеткізу жеңіл болатынын ойлаған. Ал енді осы екі тармақ көркем аудармада былай беріледі.

Бай залезет в карман, говоря: «Дорогой!
В черный день все тебе возвращу я с лихвой» [3, 31].

А. Гатов аудармасындағы осы жолдар 1951 жылғы басылымда мынадай еді:

Бай берет, говоря: «Не останусь в долгу,
Я с лихвой заплачу, я в беде помогу» [7, 11].

Ө. Қодар бұл тармақтарды былай аударуды жөн көрген:

Берут богачи: «Возврату, мол, с лихвой!
Подкину в нужде тебе хлеб дармовой...» [5, 89].

М.С. Сильченконның жолма-жол аудармасы, А. Гатовтың аудармасының екі редакциясы, Ө. Қодардың аудармасы – екі тармақ өлеңнің осындай төрт нұсқасының ішінде мағына жағынан түпнұсқаға барынша жақын келетіні – алғашқы, М.С.Сильченконның жолма-жол аудармасы. Мағына жағынан осындай артықшылығы болғанмен, онда көркем шығармаға тән поэтикалық қасиеттер жоққа тән. Автор өзінің жолма-жол аудармасына ондай сапа беруді мақсат та тұтпаған. Алуға келгенде байдың екі уәдені қатар ұсынатынын акын анық көрсетеді. Аларман бай берерменге мынадай екі шартқа дайындығын білдіреді: бірінші – қайтарар кезде көп беру; екінші – қажет болып тұрғанда текке беру. М.С. Сильченко осы екеуін де назардан тыс қалдырмаған. А. Гатов аудармасының кейінгі нұсқасында бұлардың біреуі ғана сақталған: көп беру туралы ұғым бар, тек беру туралы ұғым жоқ. Ал осы аударманың 1951 жылғы нұсқасында бұл екі ұғым да сақталған еді. Рас, онда артық сөздер, артық ойлар да болды. Алайда кейінгі нұсқа да келісті шықпаған. Оның үстіне «Бай қалтаға түседі» деген ауыспалы, астарлы мағыналы тіркестер («Бай залезет в карман...») түпнұсқадағы негізгі ойды, алармандық туралы ойды, әлсіретіп, көмескілендіріп тұр. Берілген аудармалардың ішінде түпнұсқаға көркемдік жағынан да, мазмұн жағынан да жақын тұрғаны – Ө. Қодардың аудармасы. Бұл жерде де «тек беремін» деген ұғымды «подкину хлеб дармовой» деп жеткізуде шарттылық, бейнелілік бары сөзсіз. Дегенмен басқа аударма үлгілермен салыстырғанда, нақ осы аудармада көркемдік қуат, мазмұн мен түрдің келісімі түпнұсқаға жақын келеді.

Өлеңнің бастапқы шумағында бейнеленген басты ой – жұрттың бәрінің аларман болуы. Келесі шумақтарда сол

жұрттың әр тобының қалайша, қандай жолмен аларман болары суреттеледі. Олардың ішінде толып жатқан әлеуметтік топтардың құлқы ашылады: бай, би мен болыс, жарлы, елубасы, жат мінез жау, дос. Ақынның өлеңінде осылардың бәрі біреуден бірденені алып қалуға күш салады, алғанда да құдай жолымен сұрамайды, шарт қойып сұрайды. Алармандардың берушіге шарт қойып сұрауы, талап етіп сұрауы баяндалатын үш шумақ өлеңнің композициялық құрылысындағы екінші бөлімде алармандардың әр типінің сипаты ашылады. Олардың әрқайсысы өзінің қолында бары мен бойында барын бұлдайды.

Жарлы алады қызметпен өткерем деп,
Елубасы шар салып, леп берем деп.
Жалаңқая жат мінез жау алады,
Бермей жүрсең, мен сені жек көрем деп.

Дос алады, бермесең, бұлт берем деп,
Жауыңа қосылуға сырт берем деп.
Бұзылған соң, мен оңай табылмаспын,
Не қылып оңайлықпен ырк берем деп [2, 46].

Жарлының өз еңбегінен басқа берері жоқ, алар нәрсесін ол қызметпен ғана өтей алады. Бермеген жанға оның қояр талабы да, қылар айласы да жоқ. Елу үйдің атынан болыс сайлауға қатысатын елубасы өзінің беретін даусын, салатын шарын салмақтайды. Болыс болудан ойы бар пысықтар үшін оның шарын алудың маңызы зор. Сондықтан оның сұрағанын беруге еріксіз мәжбүр болатындар аз емес. Жау да алармандардың қатарында бос қала алмақ емес. Алмаса, ол да мінез көрсетіп, жауығып шыға келмек. Жақын деген, сенісерлік деген дос та алмай тынбақ емес. Алмаса, ол да бұлт беріп, теріс айналып, жау жағына шығып кетуге даяр. Шығарманың мазмұны аудармада толық берілуі үшін, осы аталған әлеуметтік топтардың өкілдерінің әрқайсысының бейнесі толық ашылуы қажет. Ол үшін бұлардың әрқайсысының ерекшелігі, шарт қылып ұсынып, көрсетіп қорқытып отырған қасиеті өзгеріссіз, тура аударылуы керек.

А. Гатов осы екі шумақты былай аударды:

Всякий нищий берет: «Я трудом оплачу».
Избиратель: «Заплатишь – я шар опущу».
«Берегись, коль не дашь!» – заявляет пройдоха,
Взымать удастся такому рвачу.
Друг нашептывает: «Коль не дашь, я готов
Перекинуться в стан твоих лютых врагов.
Не могу же тебя я обслуживать даром!..
И рассоримся мы до скончания веков» [3, 31].

Аударманың жалпы мазмұны түпнұсқаға сәйкес келетінін жоққа шығармау керек. Ал нақты алып қарағанда, аудармашының қайсыбір ойларды оңтайлы жеткізе алмағаны рас. «Жарлы» сөзін «всякий нищий» деп аудару аудармашының тапқырлығына куә бола алмайды. Сол сияқты «шар салып, леп берем» тіркестерінің аудармасы да сәтті шықпаған. Соған қарамастан бұл аударма 1951 жылғы басылымдағы нұсқадан әлдеқайда сәтті, көркем шыққан. Енді осы аударманы Ө. Қодардың аудармасымен салыстырсақ, кейінгі аудармашының еңбегі шығармашылық тұрғыда жоғары деңгейімен ерекшеленетіні белгілі болады:

Клянясь отработать, берут бедняки,
Берет избиратель за легкость руки.
Наглец откровенный берет ни за что,
Страдая враждою, чьи тяжки тиски.
Берут и друзья за поддержку свою,
За то, что тебя не покинут в бою.
«А если покинем, – читаешь в глазах, –
Надолго ты нас не увидишь в строю!» [5, 89].

Ө. Қодардың аудармасы түпнұсқаның мазмұнын ғана емес, мазмұн мен түрдің жарастығын да сақтай алған. Өлең жолдарының ырғақ жүйесі де, ұйқас жүйесі де айқын. Ал А. Гатовтың аудармасы туралы мұны айту қиын. Ондағы басты жетіспеушілік ұйқастың тым еркін сипат алуында немесе сақталмауында. Ұйқас әлсіз болған жерде ырғақ та күшті әсерге ие бола алмайды.

Түпнұсқадағы сылдырап тұрған келісімнің аудармада салдырлап шығуы, ұйқастың сақталмай, ырғақтың жүйеден шығып кетуі аударма шығарманың көркемдік сапасының төмендігін көрсетіп қана қоймай, аударманы оқитын, қабылдайтын жұрттың түпнұсқа, және оның авторы туралы жағымсыз ұғымын қалыптастырады. Бұл, айналып келгенде, аударманың эстетикалық қызметі мен түпнұсқаның эстетикалық қызметі арасында қайшылықтың тууына алып келеді.

Өлеңнің келесі жеті шумағы жекелеген элеуметтік топтың емес, жалпы жұрттың құлқы, алармандықпен қатар басқа болмысы туралы. Аудармада бұл бөлімнің мазмұны да түпнұсқа мазмұнынан алшақ кетпейді. Бұл тұста да Ө. Қодардың аудармасы көркемдігі, түпнұсқаға мазмұн мен түр келістілігі жағынан, тақырыптың ашылуы жағынан басқа аудармалардан ілгері тұр. Мұны Ө. Қодардың шығармашылық жетістігі ретінде бағалауға болады.

Соңғы шумақ өлеңнің қорытынды бөлімі қызметін атқарады. Мұнда ақынның өзі суреттеп отырған өмір құбылыстарына берген тікелей бағасы, үкімі айтылған:

Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.
Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір,
Өз үйінде шертиген паңы құрсын [2, 48].

Өлеңнің бұл бөлімінің жолма-жол аудармасын М.С. Сильченко былай жасаған:

Пусть сгинет душа, клянущаяся ежедневно,
Пусть сгинет добро /скот/,
Приобретенное продажей совести,
Пусть сгинет обычай бывать за один день в сорока местах,
трепать языком,
Пусть исчезнет хвостун, у себя дома
Меняющий из-за коня сотни раз свой вид [6, 58].

Алғашқы екі тармақтың мазмұнын зерттеуші дұрыс жеткізген. Келесі тармақтардың мазмұнын жеткізуге келгенде, толып жатқан ауытқуларға жол берілген, өзгертулер мен ықшамдау, қысқартулар да бар. Бұл, әрине, жолма-жол аударма үшін үлкен кемшілік екені рас. Автордың мақсаты өлеңнің әр тармағының мазмұнын дәл беру болғандықтан, мұндай олқылықтарды жолма-жол аудармашының жібермеуі шарт еді. Өкінішке қарай, автор мұндай талап үдесінен шыға алмаған. Мысалы, мына тармақтардың екі тілдегі үлгілерін өзара салыстырып көрейік:

Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып

Обычай бывать за один день в сорока местах...

Ақынның «қысқа күнде қырық жерге қойма қойып» сөзінің ішкі мағынасын түсіну қазақ абайтанушыларының өзі үшін де оңай емес. Сондықтан М.С. Сильченкодан берілген тармақтың мағынасын ашуды да, оны қазақ тілінен жолма-жол, дәл аударуды да талап ету артық.

Салыстырудан белгілі болғандай, «қырық жерге қойма қою» бір басқа деңгейіндегі мазмұнды білдірсе, аудармашының ұсынып отырған аудармасы мүлде басқа деңгейдегі мағынаны білдіреді. Рас, ақынның сөзінде қосымша мән бай мағына бар. «Қысқа күн» де, «қырық жерге қойма қою» да, «қу тілмен құлық сауу» да ақынның тілдік байлығын, стильдік даралығын білдіретін көркемдік бейнелеу құралдары қатарына жатады. Оларды орыс тіліне аудару аудармашыдан үлкен жауапкершілік пен талантты талап етеді. Бірақ бұл көркем аударма емес, жолма-жол аударма үшін міндетті болмайды. Жолма-жол аударма үшін аудармашының түпнұсқаның тілін де, ділін де жете білуі мен тиянақты еңбек етуі керек. Осы тұрғыдан келгенде, М.С. Сильченко едәуір асығыстық жасаған. Соның салдарынан оның өлең туралы талдаулары мен жинақтаулары, пайымдаулары мен байыптаулары тиісті ғылыми терең маңызды иелене алмаған.

А. Гатовтың көркем аудармасында берілген шумақтардың көркемдік дәрежесі жолма-жол аударма сапасынан әлдеқайда

жоғары болғанмен, онда да түпнұсқаға нұқсан келтіретін орынсыз ауытқулар бар.

Сорок раз тебе горы сулят золотые, –
Но добиться ль тебе молока от козла? [3, 32], –

деген аударма жолдар түпнұсқадан мүлде алыстап кеткен, тіпті мұны Абайдың өлеңінің орыс тіліне аударылған тармақтары деп танудың өзі қиын. Қайдағы тау, қайдағы алтын тау аудармашының айтып отырғаны? Қайдағы ешкі, қайдағы ешкінің сүті аудармада жүрген. Ақынның өлеңін мейлінше еркін, ақынның өзімен өнер, талант жарыстырып отырып аударғанда да аудармашы мұндай алшақтықтарға, өзінше шарықтауға баруға тиісті емес еді.

Абайдың өз шығармаларының өмірлік негізі болып отырған шындық құбылыстарды қаншалықты терең пайыммен танығаны, танып қана қоймай сыншыл таныммен көркем суретке айналдыруы, бұл орайдағы ақындық шеберлік пен талант даралығы қазақ әдебиеттануында едәуір таразыланды. Ақынның әлеуметтік өмір шындықтарын жинақтау мен даралаудағы өзіндік тұрғысы мен эстетикалық нысанасы туралы да толымды ойлар қорытылды. Ақын шығармаларының аудармаларының мазмұны мен мәніне түпнұсқа туралы айтылған осы ойлар тұрғысынан назар аударып қарағанда, аудармашылардың мол еңбек еткені белгілі болады. Алайда түпнұсқаның бар ажар-көркі аудармада тиісті көркемдік дәрежеде берілді деуге көңіл дауаламайды. Бұл жерде түпнұсқаның мінсіз көркемдік бітімі, тас бұлақтың суындай сылдырлаған бірөңкей келісімі, аудармашы қанша шебер болғанмен, аудармаға сол сұлу қалпымен көше қоймасын ескермей отырған жоқпыз. Абайдың ақындық әлемін аудармада қайта жасау, біздіңше, ақындық қуаты Абайдың ақындық қуатымен үндес, межелес немесе одан жоғары тұрған таланттың ғана қолынан келуі мүмкін. Аудармашылар арасынан ондай талантты табу оңай емес.

Ақынның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі ұлттық мазмұнға, ұлттық түрге, сондай-ақ ақынның тек өзіне ғана тән ойлау ерекшелігін танытатын ұлттық сипатқа да бай екені рас.

Бұл, әрине, өлеңді басқа тілге аудару мүмкіндігін қиындататын немесе жоятын алынбас асу, бой бермес қиындық емес. Терең түсініп қабылдаған аудармашы үшін өлең мәтінінде аударуға бой берместей сірескен тұрақты немесе ұлттық қанатты сөздер де иін тіресіп тұрған жоқ.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың [2, 50], –

секілді жолдарда мазмұн анық, ақынның ойы ашық. Қазақ оқушы үшін ақынның әр сөзі, әр тармағы мейлінше түсінікті, ұғымды, оларда астарлы айтылып, бүркемеленіп тұрған қосымша мағыналы сөздердің легі жоққа жуық. Тек қана «Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың» тармағында ғана тура емес, жанама мағына бар. Бұл тармақта ақын кісінің мұртын баспай, сақалын күтпей, оларды бетімен жіберуінің әдепке де, салтқа да жат екенін, мұның өзі де білімсіздіктен шығатынын айтып отырғанында сөз жоқ. Сонымен бірге ақын мұсылманшылық шарттарын, халықтың дәстүрлі мәдениетінің өлшемдерін де негізге алып отырғанын жоққа шығармауымыз керек. Сақал-мұртты еркіне жібермей, оларды күтіп ұстау, мұрт басып, сақал баптау мұсылмандар үшін басты парыз екені діни әдебиеттерде көрініс тапқан. Мұндай дәстүрлі мәдениет өлшемдерін тәркі етіп, сақалды да, мұртты да бетімен өсіріп жіберу – білімсіздік белгісі. Ақынның ұстарасыз ауызға түскен мұртты айта отырып, сол мұрт иесінің білімсіздігіне күйінген халін жоғарыда берілген жалқы тармақ өлең толық тоңытып тұр. Мұндай мағынадағы тармақты тұтастай аудару, тікелей аудару түпнұсқаның мазмұнын сақтаудың басты жолы екені рас. Егер аударма тілінде бұл секілді тұтасқан тармақтардың баламасын сәтті табуға мүмкін болған жағдайда, аудармашының дәлме-дәл, жолма-жол аудармадан ауытқып, ақын ойын жеткізіп тұрған сөздердің тобын оның өзге тілдегі баламасы арқылы жеткізгені әлдеқайда тиімді еді. Аудармашылар ақынның бұл тармағын да, өлеңнің басқа жолдарын да өз деңгейлерінде ғана аударған. Лев Шифферс осы жолдарды былай аударады:

О, бедная моя страна, народ казахский мой!
Обвисли жесткие усы нечесанной каймой.
Пути добра не отличал ты от стези дурной:
Одна щека твоя в крови, румянец – на другой [8, 19].

Аудармада түпнұсқаның құрылым жүйесі сақталмағаны, бір тармақты аудармашының күштеп екі тармаққа бөліп бергені өз-өзінен көрініп тұр. Алайда біз үшін мұның үлкен маңызы жоқ. Біз ақын өлеңінің аудармадағы мазмұн-мағынасын іздеп отырмыз. Шумақтың алғашқы үш тармағының мазмұнын аудармашы дұрыс жеткізе алған дегеннің өзінде, соңғы тармаққа келгенде мұны айту қиын. Түпнұсқадағы «Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» тармағының беретін мағынасы өрескел бұзылған. Бұл жерде қазақ тілінің байлығы, ұлттық сипаты ескерілуге тиіс екенінде сөз жоқ. Әйтсе де бұлар жақсы аударма жасау үшін кедергі емес. Қазақ әдеби тілінде «бет» сөзі беретін ұғым бар да, «ұрт» сөзі беретін ұғым бар. Бұл екі сөз бірінің орнына бірі жұмсалмайды, бірінің беретін мағынасын олардың екіншісі жеткізе алмайды. Аударма тілінде «ұрт» та, «бет» те бір ғана сөзбен, бір ғана мағына білдіретін сөзбен берілген. Аудармашының түпнұсқа мазмұнын түсіну дәрежесі де осы деңгейде болған. Түпнұсқадағы соңғы тармақты аудармашының мына секілді аударуы осыны аңғартады. Соның салдарынан ақынның бірі май, бірі қан болып тұрған екі ұрт туралы ойы бірі қанап, бірі алқызыл алаулап тұрған екі бет туралы ойға ойысып кеткен. Сондай-ақ «мұрт» сөзінің түпнұсқада ешқандай анықтауыш, бейнелеуіш құралы қызметін атқарып тұрған сөз жоқ. Аудармада оны «қатты» /жесткие/ деп көрсету көпсөзділікке салынумен бірдей. Өйткені ақынның негізгі ойы мұрттың қаттылығында, қайраттылығында емес, оның ұстарасыз ауызға түскенінде. Ал енді мұрттың ұстарасыз ауызға түскені туралы ойды аудармашы тағы да өзінше өрнектеп жеткізеді: Обвисли жесткие усы нечесанной каймой. Ақынның ойын бұл да дұрыс жеткізіп тұрған жоқ, бірақ мағыналық жағынан түпнұсқаға едәуір жақын екені рас. Бұл жерде аудармашыдан міндетті түрде мұрттың ауызға түсіп тұрғанын көрсетуді талап ету артық, оның ұстарасыз өскенін дәл беруді дұрыс көру де

орынды бола алмайды. Ақын ойының жалпы мағынасын белгілі дәрежеде жеткізе білгеніне қарамастан, аудармашының аз сөзді көп сөзге айналдырғаны, аз сөзбен берілген үлкен ойды көп сөзбен аудармалап, түпнұсқаның табиғатына тән шымырлықты, ойдың қуаттылығын әлсіретіп алғаны аударманың көркемдігіне тікелей кері әсер еткен.

С. Липкин осы жолдарды былай аударып ұсынады:

О казахи мои! Мой бедный народ!
Жестким усом небритым прикрыл ты рот.
Кровь – на правой щеке, на левой – жир...
Где же правда? Твой разум не разберет [9, 44].

Мұнда да «мұрт» сөзінің алдында «қатты» деген сын есім сөзі эпитет қызметін атқарып тұр. Лев Шифферс секілді С. Липкин де бұл сөзді орынсыз, артық қолданған. Мұрттың қатты не жұмсақ екенінде тұрған ешқандай мән жоқ. Лев Шифферстің аудармасынан «қатты мұрттың таралмай көмкеріліп салбырап тұр» деген секілді мағына туса, С. Липкин «қырылмаған (басылмаған) қатты мұрттыңмен сен аузыңды жаптың» секілді мазмұнды ұсынады. Түпнұсқада ұрттың оң не сол екендігіне ешқандай назар аударылмаған, оң не сол ұрт туралы ешқандай сөз жоқ. Ақынның екі ұрттың «бірі – қан, бірі – май» болуы туралы ойын аудармашы «оң бетің – қан, сол бетің – май» дегендей оймен жеткізген. Оң және сол ұғымдарына назар аударып, логикалық мән беру түпнұсқаның мазмұнына өрескел нұқсан келтіріп тұрған жоқ, сонымен бірге бұл жерде аудармашының ойының ұтқырлығы, көркемдік ойлау шеберлігі де көрініс таба алмаған. Түпнұсқада жақсы мен жаман туралы сөз болса, аудармада шындық / Где же правда? / туралы айтылады. Мұны ілгеріде көрсетілген оң мен сол ұғымдарына қатысты берілген баға деңгейінде қабылдауға болмайды. Жақсы мен жаманды айыру мен шындықты тану арасында үлкен айырмашылық бар. Сондықтан жақсы мен жаман туралы түсінікті шындық туралы түсінікпен алмастыру орынсыз болып шығады. Аудармада түпнұсқа тіліндегі түбірлі ойды жеткізе алмау деген осындай болады. Оң мен сол немесе екі ұрт

туралы түсініктер өлеңнің сыртындағы жайды, нақты сипаттағы жалаң хабарды білдіретін болса, жақсы мен жаман өлеңнің ішкі мәнін ашатын, концептуалды ұғымдардың қатарына жатады. Мұндай ұғымдардың салмағын жойып, қатардағы жадағай, жалаң хабар деңгейіне дейін түсіру аудармашының түпнұсқа табиғатын жете тани алмауынан туындауы мүмкін.

М.С. Сильченко осы шумақтың соңғы екі тармағын былайша жолма-жол аударды:

Ты не различаешь доброго и злого,
На одной щеке у тебя кровь, на другой масло [6, 63].

М.С. Сильченко жақсы мен жаманды дәл аудармаған. Жоғарыда Лев Шифферс те келістіре алмаған еді. Жақсы мен жаман ұғымдарын М.С. Сильченко да, Лев Шифферс те нақты емес, жалпылай ғана аударған. Дегенмен аудармаларда осы тармақтардың түпнұсқадағы мазмұны ашылмады деуге болмайды. Аудармашылар талданып отырған тармақтардың мағынасын жеткізе алғанмен, ол мағынаны түпнұсқадағыдай әсерлі, түпнұсқадағыдай суретті, терең мағыналы деңгейде аша алмаған. Қазақ аудармашы Ә. Қодардың аудармасына назар аударатын болсақ, ол да аталған аудармашылардан асып, ұзап кете алмаған:

Казахи, родные, – мой милый народ,
Усы, разрастась, покрыли твой рот.
Ты зла и добра не сумел различить,
В крови и обжорстве не день и не год [5, 91].

Ә. Қодар да алдыңғы аудармашылар сияқты «қазақтың мұрты өсе-өсе аузын басып кетті» деген секілді ойды айтады. Ауызға түскен мұрт пен ауызды жауып кеткен мұрт арасында да үлкен айырмашылық бары рас. Бірақ біз бұған аса қадалып қарап отырғанды дұрыс көрмедік. Өйткені бұлардың беретін мағынасы өзара жақын, үндес, тектес немесе шектес. Аударма үшін мұның өзі де үлкен жетістік екенінде дау болмаса керек. Түпнұсқадағы «Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» тармағындағы ойдың

берілу, аударылу сапасы жайында мұны айту қиын. Ә. Қодар басқа аудармашылардың бәрі қайталайтын сөздерді мүлде қолданбайды, олар жеткізген ойды да мүлде өзгертіп жібереді. Аудармашының осы тармақ арқылы беріп отырған ойының сипатына терең үңіліп қарайтын болсақ, онда түпнұсқадағы ойдың сілемдері, желілері жатқаны көзге түседі. Ақын шығармаларымен түпнұсқа арқылы таныс оқырман Ә. Қодардың аудармасында да шынайылық барын, ақын ойымен үндестік, алыс та болса, бір сәйкестік барын аңғармай қоймайды. Бірақ мұндай сәйкестік, үндестік түпнұсқаның сәтті аударылуының белгісі немесе кепілі қатарында қабылдауға лайықты емес. Аудармашыдан Абай ойының жаңғырылған сілемдерін емес, өзін жеткізуді талап етуге әркімнің-ақ таласы бар. Сонымен бірге ақын ойының бейнелілігі, суреттілігі де сақталмағанын айту дұрыс.

М. Дудин осы жолдарды аударып отырып, аталған аудармашылардан өзгеше ой өріп, басқа деңгейден шығады:

Казахи, бедный мой народ,
Небритьи́й ус обвис тебе на рот.
Кровь на одной твоей щеке,
Другая твоя щека в бараньем сале [10, 43].

Мұртқа қатысты «қатты» деген секілді эпитет сөздер мұнда жоқ. Алдыңғы аудармалармен салыстырғанда, М. Дудиннің аудармасында көпсөзділікке орын берілмеген. Өлеңнің нақты мазмұны, хабарлай айтылып отырған ойдың желісі дұрыс жеткізілген. Аударманың мазмұны мен пішіні арасында келісім бары рас. Өлең жолдарының беретін мазмұны да нақты әрі суретті, бейнелі. Әйтсе де аудармашының түпнұсқа мәтініне терең бойлап, өлең сөздің арасын таза ұстауға, сөз арасын бөтен сөзбен былғамауға мүмкіншілігі бар еді. Ол мүмкіншілікті аудармашы жауапкершілікпен пайдалана алмағанға ұқсайды. Бұлай дегенде, аудармашының «қойдың құйрығы» туралы ойын негізге алып отырмыз. Ақынның «бір ұртың май боп» секілді сөзінен міндетті түрде қойдың құйрығы туралы ұғым тұмайды. Қойдың құйрығы да, жылқының жалы мен жаясы да, қазысы да – бәрі де май екені

белгілі. Ақын өзінің қазағы турасында оның қойдың құйрығын ұртына толтырып алуы жайын сөз етіп отырған жоқ. Аудармашы жалпы мағынадағы ұғымды жалқыландырып, нақтылай айтамын деп, үлкен қателікке ұрынған. Ақын пайдаланып отырған «май» сөзінің ұғымы кең, одан бір емес, бірнеше деңгейдегі мағынаны табуға болады. Әрі бұл сөз басқа сөздермен өзара келісе, жараса келіп, үлкен эстетикалық, поэтикалық жүк көтеріп тұр. Аудармашы бұл сөзді басқа сөзбен алмастыру арқылы осының бәрін жойып жіберген.

Мазмұнының тереңдігі, түрдің ұлттық ерекшелігі жағынан өлеңнің келесі төрт тармағы да жоғары көркемдік-идеялық табиғатымен дараланады. Онда да ұлттық тілдің байлығы мен бейнелілігі мейлінше кең көрініс тапқан:

Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартпа сыртың ?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың [2, 50].

Өлең жолдарындағы «бет беру», «шырай», «сырт», «қырт», «аузымен орақ ору» – бәрі де қазақ тілінің байлығы мен бейнелілігін танытатын терең мағыналы, бейнелі де бедерлі, қанатты сөздердің қатарын түзеді. Ақын олардың тура және астарлы, бүркемелі мағыналарын өзара ұштастыра, бір-бірімен жарастыра отырып, көркемдік келісімнің шырқау биігіне көтеріледі. Белгілі бір құбылысты, кісінің өзін немесе оның мінезін, қылығын суреттеудегі шеберліктің асқан үлгісін осыдан да толық аңғаруға болады. Бір қарағанда, өлеңнің болмыс-бітімі қарапайым ғана секілді. Бірақ бұл әсер – алдамшы.

Қарапайымдылық – өлеңнің мазмұны мен пішінінің соншалықты табиғи жарасыммен келісіп тұрғандығында. Оның үстіне ақынның айтып отырған ойы нақты, түсінікті, ойға қонымды, айқын. Ойды бұлайша қарапайым, анық және айқын жеткізу де ақынның шеберлігі мен даналығынан туып жатқан мүмкіншілік қатарына жатады. Қарапайым ғана сөз айтып отырғандай әсер қалдыра отырып, терең ой толғау да тек үлкен дарынның ғана

қолынан келеді. Өлең мәтініне әдеби, лингвистикалық заңдылықтар тұрғысынан қарайтын болсақ, онда ұғымдар мен түсініктердің қат-қабат қатары жатқаны және оны түзуші тілдік бейнелеу құралдарының да соншалықты күрделілігі, көркемдігі аңғарылады.

Мұның өзі өлең жолдарын орыс тіліне аудару ісінде үлкен белес аудармашылар аса алмас биік асу қызметін атқармай да қалмайды. Жоғарыдағы көрсетілген бейнелі, суретті, қанатты сөздер тобын орыс тіліне аудару, олардың беретін мағыналарын орыс тілінде жеткізу аудармашылар үшін үлкен шығармашылық сын еді. Ол сыннан аудармашылар мүдірмей өтті дер болсақ, ол артық болар еді, ал мүлде өте алмады десек, ол да ауыр пікір екені рас. Дегенмен бұл орайда алда Абай шығармаларын аударушылардың ендігі, жана буыны атқарар қыруар істер тұрғаны бұлтартпас шындық болып табылады. Бұл орайдағы талдауларымызды тағы да Лев Шифферстің аудармасынан бастайық:

Посмотришь сбоку на тебя – приятное лицо.
Но что же? Как у торгаша, обманчив облик твой.
Ты не внимаешь мудрецам, к чужим словам глухой.
Болтун снимает языком всю жатву, как серпом [7, 19-20].

Түпнұсқа мәтініндегі ұлттық сипаттағы поэтикалық өрнектердің ешқайсысы да аудармада тиісті баламасын таппаған. Бірінші тармақтың мағынасына көңіл аударғанда, ақынның қайыра бұрылып сөз айтып отырған жұртына, қазағына, бүйірден қарасақ, оның жүзі игі болып көрінеді екен. Аудармашы «бүйірден қарау», «көлдененнен қарау», «сырттан қарау» дегендей мағына беретін сөзді (посмотришь сбоку) қолданады. Мұны ол түпнұсқадағы «бет бергенде» тіркесінің орыс тіліндегі баламасы ретінде таңдаған. Орыс тілінің бай әдеби тілінде бұдан да жарасымды, бұдан да мағыналы, мәнді, қазақтың «бет бергенде» секілді қанатты сөзіне балама боларлықтай идиомалық, фразеологиялық сөздер табылмауы мүмкін емес. Тіпті ондай фразеологиялық тіркестер табылмағанның өзінде қарапайым сөздердің де түпнұсқа табиғатын тап басып жеткізе алар қуаты барын

ескермеуге болмайды. Аудармашының шығармашылық міндеті сондай сөздерді іздеп тауып, аударманың поэтикалық қуатын түпнұсқа деңгейінде неғұрлым жақындата түсуде. Аудармашы ондай ізденіске түсіп, тиісті көркемдік табыстарға жете алмағанға ұқсайды. «Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?» тармағында сұрау да, күйініш сезімі де бар. Аудармада мұның екеуі де көрініс таппаған. «Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді» тармағының мағынасы да өзгеріп, данышпанның сөзін ұқпау, өзгенің сөзіне керең дегендей ой ұсынылған. Түпнұсқада қазақтың тіпті ештеңені, ешкімді ұқпайтындығы жайында сөз болып отырмағаны көрініп тұр. Ол ұқпайды емес, ұғады. Бірақ ұққанда, өз сөзін ғана ұғады, ұқпағанда, тек өзгенің сөзін ғана ұқпайды. Осы екі жайдың басы түпнұсқада барынша анық, ашық тұр. Аудармашы бұл екі жайды ескермей, қатар алмай, біржақты кеткен. Соның нәтижесінде ақынның қазағы ештеңені, ешкімді, тіпті данышпанды да тыңдамайтын, ұқпайтын біреу болып шыққан. Түпнұсқада қазақтың өзімшілдігі, өз сөзін ғана дұрыс, өз сөзін ғана өзіне ақылшы тұтқан мен-мендігі жатса, аудармада ол жоқ, оның орнына ештеңені білмейтін, білгісі келмейтін, көңілі де, құлағы да керең, ешкімді тыңдамайтын бір типтің сипаты көрінеді. Соңғы тармаққа келетін болсақ, оның құрылымы, мағынасы күрделі, терең бейнелі. Ауызбен орақ ору да, қыртың да тура мағынада емес, бұрма мағынада, ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөздердің қатарына жатады дедік жоғарыда. Ауызбен орақ ору – фразеологиялық сөздердің тіркесін құрап тұрған күрделі тілдік бірлік. «Ауызбен орақ орады, Қолымен қосаяқ соға алмайды» деген қанатты сөздер қазақ арасында әуелден бар. Мұны Абайға дейін билер дәуірі әдебиетінің өкілі Бөлітірік шешеннің айтқанын М. Әуезовтің қолжазба мұрасы көрсетеді. Кейін осы фразеологиялық тіркесті М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында қолданды. Лев Шифферс бұл тіркестің орыс тіліндегі баламасын табуды қаламай, жолма-жол аударма арқылы оның қаңқасын жасайды. Оның өзі де ақынның ойын анық жеткізе алып тұрған жоқ. Сонымен қатар осы кейінгі тармақ аудармада өлеңнің жалпы мәтінінен тыс, жеке-

дара тұрған, мәтіннің жалпы мазмұнымен тікелей байланысы жоқ, сырттан жапсырылған артық жамаудай әсер қалдырады. Алдыңғы тармақтағы ойлар, сөз тұтастай екінші жақтағы тұлғаға арналып айтылғанда, кейінгі тармақтағы ой үшінші жақтағы тұлғаға (болтун) арналады. Мұның өзі түпнұсқаның мағынасын да, құрылым-жүйесін де бұзуға әкеліп соққан. С. Липкиннің аудармасы да осы деңгейден табылады:

Ты и с виду неплох, и числом велик,
Почему же так обманчив твой лик ?
Ты не хочешь добрым советам внимать,
Режет всех без разбора твой серп-язык [9, 44].

Бірінші тармақтың мағынасы толық бұзылғаны өз-өзінен көрініп тұр. Аудармашы ұсынып отырған бірінші тармақтың аудармасынан «сенің түрің жаман емес, саның да көп» дегендей ой туады. Түпнұсқаның осы жолында бір ғана ой айтылған. Ол – қазақтың «бет бергенде шырайының жақсы» екендігі. Шырайдың жақсы болуын түрің жаман емес екен дегендей ойға тікелей, тең балама ретінде қабылдау немесе керісінше, түрің жаман емес екен дегендей ұғымды шырайың жақсы екен дегендей ұғымға балама ретінде тану қиын. Бұған қосымша аудармашы «саның да көп» деп, өзі көпсөзділікке бой алдырады. Бұл сөзді (числом велик) аудармашы кейінгі тармақтың соңғы сөзімен ұйқастыру үшін ғана алғандай әсер туады. Оның бұл жерде басқа ай- тарлықтай мағыналы қызметі жоқ. Екінші тармақ, Лев Шифферстің аудармасымен салыстырғанда, әлдеқайда дәл және нақты, әуезділігі де мазмұнға сай, ақын ойын дұрыс жеткізіп тұр. Әйтсе де ақын айтып отырған ойда қазақтың бет-бейнесінің құбылмалылығы көрініс таппаған, оның бұзылғандығы туралы түсінік жатыр. Құбылмалылық, айнымалылық белгілі бір тұрақты қалыпты білдірмейді, одан белгілі бір тұрақты күйді ұстауға болмайды. Ал сырттың бұзылуына нақты нәтижелі көрініс, сипат бар. Ол қайтып әуелгі қалпына түспейді. Ақын тілінің осындай нәзік нышандарын, қиын да болса, аудармада орайлы жеткізгенге не жетсін. Бірақ оған аудармашының талант күші, ақындық қуатты

ойы, көркемдік ойлауы қажет. Үшінші тармақ та ақын ойын толық беріп тұрғанға ұқсамайды. Одан «сен жақсы сөзге құлақ аспайсың» деген секілді ой туады. Бұл түпнұсқа мазмұнына өте жақын, бірақ оның мазмұнын толық ашпайды. Соңғы тармақты аударуда С. Липкин мүлде талғамсыздық көрсетеді. Мұның сыры аудармашының түпнұсқа мәнісін, оның образды бітімін, одан туындайтын мазмұн байлығын дұрыс түсінбеуінде жатуы мүмкін. Түпнұсқа мағынасын жете түсінген аудармашы мұндай жеңіл әрі жөнсіз, мағынасыз іске бармайды. Орақ ору – қолдың ісі, нәтижелі және пайдалы еңбек. Қолға орақ ұстап, егін оруды қазақ қысқаша орақ ору деп айта береді. Оның ар жағында қолмен орақ ору көзге елестеп, көңілге қонады. Сол орақты ауызбен ору туралы айтылғанда, орақ ору ісінің мазмұны да, сипаты да мүлде өзгеріп, одан жаңа мағына, жаңа мазмұн туады. Аузымен орақ ору бар, содан соң орақ тілді кісі бар. Бұл екеуінің де дара-дара мағынасы бар. Аудармашы түпнұсқадағы ауызбен орақ ору туралы ұғымды жойып, оның орнына орақ тілді ұғымын алып келеді. Аудармашының «серп-язык» дегені қазақтың «орақ тілді» («от ауызды, орақ тілді») дегеніне сәйкес келеді. Сонда ақынның сыншыл оймен мінеп, сынап отырған қазағы мінсіз, сөзге шешен көсем болып шығады. Түпнұсқаның мазмұнын, ақынның тілін, өлең жүйесіндегі ұлттық сөйлеу ерекшеліктерін жете білмеу аудармашыны осындай үлкен кемшіліктерге алып келген.

Ә. Қодардың аудармасында түпнұсқаға жақын келетін жылт етер жылы елес болғанмен, онда да нақтылық пен айқындық, өлеңнің ұлттық ерекшеліктерін ашарлық үлкен ізденіс байқалмайды:

Порой, если нужно, ты очень хорош,
Порой, как торгаш, ты и тот и не тот.
Не внимлешь другим, кроме собственных слов,
Погрязший в пустом суесловии сброд [5, 91].

Үшінші және төртінші тармақтардың мазмұны ғана түпнұсқаның мағынасын дұрыс жеткізеді, қалған тармақтардан Абай өлеңінің рухын табу қиын. Ақынның аудармасы қалған бөлік-

терде, басқа тармақтар деңгейінде ешқандай сын көтермейді. Басқа аудармашыларға қарағанда, Ә. Қодар осы шумақтың төртінші тармағындағы фразеологиялық сөздерге тән ұғымды белгілі дәрежеде оңтайлы, тиімді берген. Бұдан да көркемдік биік нәтижелерге жетуге боларын жоққа шығармасақ та, аудармашының осы ізденісінің өзін үлкен жетістік қатарында қабылдау артық емес. Мұндай жетістіктің негізінде түпнұсқаның мазмұны мен мәнін мейлінше терең зерделеп, еркін түсінген ақындық таным жатыр деуге болады. Өкініштісі – аудармашы мұндай шығармашылық жетістіктерге жекелеген тармақтар деңгейінде ғана ие болып отырады, түпнұсқа өлеңнің тұтас табиғатын аударуда қажетсіз толықтыруларға, ауытқуларға жол береді.

Ақын шығармасының екі шумағының аудармалары аясында жасалған талдаулар мен айтылған ойлардан өлеңнің тұтас аудармасы туралы қорытындыға келуге болады. Екі шумақ аясында белгілі болған белгілер мен ерекшеліктер, жетістіктер мен кемшіліктер өлеңнің тұтас мәтінінің аудармасына тән болып табылады. Түпнұсқа мен аударма тілі екі түрлі жүйедегі, екі түрлі типтегі тілдер тобына жатады. Олардың арасында лексикалық, стилистикалық немесе грамматикалық тектестік бірегейлік жоққа тән. Сондықтан түпнұсқадағы ойды, ондағы мазмұн мен мәнді, тіпті оның стилистикалық, стильдік ерекшеліктерін басқа тілдік құралдар, тәсілдер арқылы жасауға тура келеді. Бұл жерде түпнұсқаның әр сөзін, әр тармағын лексикалық тұрғыда дәл аудару мүмкін болғанмен, сол дәлдік арқылы тиісті мазмұнды көркем және әсерлі жеткізу қиын, тіпті кейде мүмкін емес. Екі тілдің суреттеу және бейнелеу мүмкіншіліктерінің әр түрлі дәрежеде болуы дәлме-дәл, сөзбе-сөз немесе жолма-жол аударудың айтарлықтай көркемдік табысқа алып келмейтінін көрсетеді. Бұған қарамастан түпнұсқа болмысын аудармада тікелей аудару арқылы дәл жасауға талпыну аударма тілінің табиғатына жасалған зорлық болып табылады. Сонымен қатар түпнұсқа шығарманың образдық жүйесін, ондағы суреттер сипатын, суреттелініп отырған өмір құбылыстарының бейнесін аудармада жоғары көркемдік дәрежеде бермейінше табысқа

жету мүмкін емес. Бұл ретте де аудармашы түпнұсқа тілінің тұтқынында, соның ықпалында қалып қоймай, оның беретін мағыналық және эстетикалық мазмұнын аударма тілінде, оның барлық көркемдік бейнелеу мүмкіншіліктерін кеңінен және шебер пайдалана отырып суреттегенде ғана шынайы шығармашылық еркіндікке жетеді.

Ақынның өз заманының адамын сипаттаған, оның мінезі мен мүсінін келістіріп жасаған өлеңдерінің реалистік, сыншылдық пафосын сақтау, адамның мінезін, ісін, сыртқы қылығын бейнелеудегі суреткерлік даралықты таныту аудармашының шығармашылық еңбегінің бағалылығын өсіре түсетіні сөзсіз. «Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңінде автордың ішкі сыры, көңіл наласы баяндалатындай көрінгенмен, онда да, жоғарыда талданған шығармалар секілді, адамның болмысы, табиғаты, сыртқы түрі мен ісі, ішкі ойы суреттелген. Мұнда да ақынның поэтикалық тілге ұсталығы, ақындық ойлауының даралығы мен ұлттық сипаты кең көрініс тапқан. Кісі туралы, оның ісі туралы нақты сипаттауларға бай, тілі де нақты болғанына қарамастан, бұл өлеңнің аударылуы да аудармашылардан үлкен ізденісті, еңбекті талап еткен. П. Карабан өлеңнің алғашқы шумағын былай аударған:

Измучен, обманут я всеми вокруг,
Меня предавали и недруг и друг.
Средь близких и дальних почти не найти,
Кто б не был причиною горестных мук [3, 33].

Өлең үзіндісінде үлкен өмір шындығы көрініс тапқаны, онда ақынның жан күйзелісінің ізі жатқаны бірден аңғарылады. Аудармашының шығармашылық еңбегі оқырмандар ойына терең қозғау салып, шығарманың авторының ақындық болмысын, оның суреттеп отырған өмір құбылыстарының сырын тануға бастайтыны даусыз. Ең бастысы, аудармада түпнұсқа мәтінінен аңғарылатын ақындық күй, ондағы өмір шындықтарының сыры мен сымбаты анық, нақты көрініс тапқан. Әрине, ақын шығармасын аудармашы сөзбе-сөз аударып, аударманы сол сөзбе-сөз

аударылған сөздер беретін мағынадан ауытқымай шығуын мақсат етпеген. Соның нәтижесінде аудармашылық еркіндік шығармашылық еркіндікке ұласып, ақын өлеңінің тиісті бөлімінің шынайы көркемдік құбылысқа айналуына алып келген. Бұл жерде аудармашы еркіндігін шексіз еркіндік ретінде қабылдауға болмайды. Аудармашы еркіндігі мен түпнұсқа авторының еркіндігі арасында үлкен айырмашылық бар. Түпнұсқа авторының еркіндігі неғұрлым жоғары деңгейде, жоғары шығармашылық сипатта болған сайын, оның туындысының көркемдік қасиеті де соғұрлым арта береді. Ал аудармашының еркіндігі оның түпнұсқа табиғатына қатынасымен таразыланады. Шығармашылық еркіндік туралы ұғымға сүйеніп, аудармашы түпнұсқадан алыстап кете алмайды. Аудармашы түпнұсқа табиғатын неғұрлым терең танып, өз аудармасында оның мазмұны мен мәнін неғұрлым терең және шебер жеткізе алса, оның шығармашылық еркіндігі де соғұрлым баянды болып шығады. П. Карабан мүмкіндігінше осындай шығармашылық еркіндік талаптарына сай еңбектенген. Бұл айтылған ойлардан аудармашы еңбегінде ешқандай кемшілік жоқтығы туралы ұғым тумайды. Біткен іске сыншы көп болатыны белгілі. Түпнұсқамен тиянақты салыстырып қарағанда, П. Карабан да ақын ойын дәлме-дәл, еш ауытқусыз бермеген болып шығады. Абайдың «Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да» деуін аудармашының қалай аударғанына көңіл бөліп көрейік. Өлең тармағында үш ұғым бар: қайтқан көңіл; дос; дұшпан. Аударма мағынасы да үш түрлі ұғымды негізге алған: сатып кету; дос; дос емес. Түпнұсқадағы дос пен дұшпан аудармада сөзбе-сөз аударылмаған, «дұшпан» басқа сөзбен, мағыналас сөзбен алмастырылған. Енді осыған келейік. Осылай алмастыруға, ауыстыруға бола ма? Егер аудармада түпнұсқаның әрбір ойының сақталуын, әрбір сөздің мағынасының сақталуын басты және бұлтартпас талап ретінде қабылдайтын болсақ, онда бұл сұраққа беретін бір-ақ жауап бар: бұлай алмастыруға, ауыстыруға болмайды. Ал аудармаға басқаша талаппен, онда түпнұсқаның мағынасы мен мазмұнының сақталуын, ақындық ойдың дұрыс берілуін шарт етіп қараған жағдайда, аудармашының

мұндай ауытқуларға баруын айтарлықтай кемшілік ретінде қабылдау дұрыс болмай шығады. Бұлай дегенде, түпнұсқадан ауытқулардың бәрін аудармашының шығармашылық еркіндігі немесе жетістігі қатарында қабылдау туралы ой тумауға тиісті. «Көңлім қайтты», «алдамаған кім қалды» тіркестері беретін мағынаны аудармадағы «измучен, обманут», «меня предавали» секілді сөздердің тобы тура, толық жеткізіп тұрмағанын жоққа шығару қиын. Түпнұсқадағы «көңлім қайтты» тіркесін осы қалыпта аудару мүмкін емес. Оның орыс тіліндегі баламасын іздеп табу да қиын болуы мүмкін. Аудармадағы көрсетілген сөздер қатарының ешқайсысы түпнұсқадағы «көңлім қайтты» тіркесінің беретін мағынасын жеткізе алмаса да, оның орнына қолданылған сөз өлеңнің көркемдік-эстетикалық бітіміне көлеңке түсірмейді, сондай-ақ аудармада басы артық көрініп тұрған «измучен» сөзінің де тиісті көркемдік қызмет атқарып тұрғаны рас. Аударма мәтініндегі осы көрсетілген сөздер қатарының әрқайсысының және олардың өзара сабақтаса, байланыса келіп беретін мағынасы түпнұсқа сипатын толық, толымды жеткізуге қызмет етіп тұр. Өлеңнің толық аудармасының көркемдік дәрежесі, ақын ойының, ақын шығармасына арқау болған өмір құбылыстарының сипатының аудармада қайта жасалу деңгейі осы бір шумақ айналасында айтылған ойлардан толық белгілі болмайды. Аудармашы ақын өлеңін тұтастай осы айтылған көркемдік деңгейде пайымдап, осы деңгейде аударғанда, едәуір табысқа жетер еді.

Өлеңнің төртінші шумағынан бастап ел ішіндегі түрлі әлеуметтік топтардың өкілдерінің істеп жүрген ісі сипатталады: байлар, саудагерлер, естілер, бектер, ағайын-жекжат, күштілер, тентектер, жасы кішілер мен үлкендер. Бұлардың ісі мен сыртқы сипаты сегіз шумақ көлемінде бейнеленеді. Осы шумақтардың ұйқасушы бунақтарының соңы «жүр» сөзімен аяқталады. Дәлірек айтқанда, ұйқасушы бунақтар түгелдей болымсыз етістіктерге «жүр» сөзінің қосылып айтылуы арқылы ерекшеленеді. Аудармада түпнұсқаның ұйқасушы бунақтарындағы осы ерекшеліктерді іздеген жағдайда, оларды табу мүмкін емес. Бұған қарап, өлеңнің

аудармасы мүлде сапасыз жасалғандығы туралы пікір тумауға тиісті. Аударманың құндылығы түпнұсқадағы қимыл-қозғалысты білдіретін сөздердің грамматикалық немесе лексикалық мағыналарының ешбір өзгеріссіз, нақпа-нақ аударылуында емес. Өлеңнің мәтінінен сәтті аударылған шумақтар бар дегенмен, аудармаға жоғары баға беру қиын.

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр, –

деген алғашқы екі тармақты П. Карaban былай деп аударыпты:

К заслугам, к летам – уважения нет,
Стяжатели вылезли гордо на свет [3, 34].

Қазақ тілінде ұялмау және сыйламау сөздері екі түрлі мағынадағы түсінікті береді. Бұл екі сөз өзара синоним бола алмайды, бірінің қызметін екіншісі атқара алмайды. Ақынның «жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр» деген тармағындағы «жасы кіші» істің тікелей иесі болып табылады, үлкеннен ұялмайтын – сол. Аудармада нақты істің нақты иесі, орындаушысы көрінбейді, жойылып кеткен. Ұялмау туралы ұғым сыйламау туралы ұғымға алмастырылған. Түпнұсқадағы «сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр» тармағы да аудармада мүлде кісі танығысыз өзгеріп кеткен. Бұл жерде түпнұсқадағы бір де бір сөздің мағынасы дұрыс аударылмаған, сол себепті тармақтың өзі де түгелімен аудармашының тарапынан толық өзгертуге түскен. Өзгергенде де түпнұсқадан алыс, алшақ кеткен. Мұны аударма деп айтудың өзі қиынға түседі. Шумақтың кейінгі екі тармағының аудармасы да осындай. Бұл, әрине, түпнұсқаның мазмұнын, ақынның суреттеу, сипаттау шеберлігін толық ашып бере алмайды. Аудармашының шығармашылық еркіндігіне шектеу қою дұрыс болмағанмен, мұншалық еркінсуге, өз бетімен кетуге, Абайдың емес, өзінің ойын айтып кетуге ешкімге де еркіндік берілмейді. Абай тілінің образдылығын, оның орыс тілінің көркемдік бейнелеу мүмкіншілігімен сәйкес келмей-тін ерекшеліктеріне дейін дәл

аудару туралы сөз болып отырған жоқ. Ондай үзілді-кесілді талап қоюға болмайды да.

Өлеңнің байлардың сыр-сипатын ашатын бөлігінде мынадай жолдар бар:

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.
Сабыттып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,
Ызаменен ыржиып күле алмай жүр [2, 53].

Ауылдың жуаны байдың көрген күнінің өзі осындай. Байдың сыры мен сипатын ашып тұрған тілдік құралдардың ішінде орыс тілінің табиғатына жақын келмейтін ешқандай бейнелі, аса қиын, ұлттық реңкі қою сөз жоқ. Өлеңнің тілінде бұрма, астарлы мағына да байқалмайды. Мұндай жағдайда аудармашы түпнұсқадағы әр сөздің тура мағынасынан басқа мән іздеп, ойланып, толғанып жатпайды, ондағы мазмұн мен мәнді өзге тілдік құралдар арқылы баяндап шығумен шектеледі. Аудармашы осылай еңбектенгенде де түпнұсқаның аудармасы тиісті көркемдік сапаға иеленген болар еді. П. Карабан ондай биік талап биігінен шыға алмай қалады:

Трепещут за скот, за добро богачи,
В тревоге, насупясь, сидят, как сычи.
Там стадо угнали, ограбили тут, –
Ведь грабят кругом и воруют в ночи [3, 34].

Берілген үзінділерді өзара салыстырып қарағанда, түпнұсқа мен аударма арасында әр тармақ сайын үлкен ауытқулар бары көзге түседі. Аударманың бірінші тармағы түпнұсқадағы «Байлар да мал қызығын біле алмай жүр» деген түсініктің өңін айналдырып жіберген. Байлардың мал мен байлық үшін қалтырап-дірілдеп отыратыны өтірік емес. Абай сипаттап отырған байлардың табиғатына мұндай қылық та жат болмайды. Аудармашы осындай ойды ұсына отырып, Абай суреттеп отырған шындық құбылыстан ауытқымайды. Алайда ол байлардың Абай әдейі таңдап алып көрсетіп отырған сипаттарын жасай алмай, басқаша өнер танытады. «Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр» тармағы

қазақтың байы мен бары түгел ұстанатын көлік ұстау, ат мінуге байланысты дағдылы тәртіпті көрсетеді. Қысы-жазы бірдей мінетін атта күй болмайтыны белгілі. Қолында бар қазақ қыста мінетін атын жазда жайылымға жіберіп, қысқа дейін оның қоңын түзеп, жалдандырып алады. Ақын өлеңінде атқа байланысты осындай ұғымдардың мәнісі айтылып отыр. Осы шағын ғана хабарлы сөйлемді аудармашы өте-мөте өзгертіп жеткізіп отыр.

«Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүрген» байды аудармашы «жапалақтай (байғыздай) жарбиып, шошынып отырған» жан кейпінде көрсетеді. Аудармашының тілінде суреттілік, бейнелілік бары көрініп тұр. Бірақ бұл аударма көркемдігіне өлшем болмауға тиісті. Түпнұсқада байдың істеуге тиіс ісін істей алмай жүргені көрсетіліп қана қоймайды, оның тұрмыс-тіршілігінің басты сипаты, кәсіпке, шаруашылыққа қатысты жасайтын, атқаратын дағдылы міндеті туралы айтылады. Мұны жеткізбей, байдың әлдеқандай бір сыртқы қалпын оның әдетте жасауға тиісті дағдылы ісінен тыс суреттеу аударманың мазмұнына ғана емес, мәніне де үлкен мін болып тұр. Аудармашы ұрының айналаны тегіс ұрлайтыны және түнде ұрлайтыны туралы ой ұсынады. Түпнұсқада мұндай ой да мүлде жоқ еді. «Ызаменен ыржиып күле алмай жүрген» байдың портреттік сипаттамасы аудармада жойылып кеткен. Ақын өлеңі үшін байлардың сыртқы пішініндегі мұндай әрбір сипаттаманың атқаратын көркемдік-эстетикалық және мағыналық қызметі өте маңызды. Мұндай нақты портреттік сипаттамаларсыз түпнұсқаның аудармасында сапа болмайды. Орыс тілді оқырман үшін ақын шығармаларының осы аудармасы да бірқатар танымдық және эстетикалық қызмет атқарады. Ақын шығармасы, ақынның поэтикалық ойлау даралығы, сыншылық ойы туралы, ақын шығармасына арқау болған өмір құбылыстарының сыры туралы осы дәрежедегі аудармадан да мол мағлұмат табуға болады. Біз үшін орыс тілді оқушыларға ақын шығармасының барша болмыс-бітімі, көркемдік кестесі мен мағыналық байлығы мейлінше толық, тура жеткені қымбат еді. Өлең жүйесінде көрініс тапқан байдың, саудагердің, бектің, күштілер мен тентектердің, кішілер мен үлкендердің, естілердің – бәрінің мінезі мен мүсінін, келбетін жасаудағы шеберлікті

таныту да аудармашы үшін осындай қымбат қазына қатарына жатады. Ақын өз өлеңінде жекелеген адамдардың сыры мен сымбатын сипаттай отырып, қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың өкілдерінің типтік бейнесін жасайды. Аудармашы сол бейнелердің түпнұсқадағы қалпынан өзгермей, ауытқымай жасалуын, аудармада сол қалпында тұлғалануын қадағалауға тиісті және сол дәлдікті қамтамасыз етуге міндетті. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» деп отырған ақынның көңіл күйінің мұндай қалыпта болуына себепкер өмір құбылыстарының сырлары сонда ғана толық ашылады.

Ақынның қалың ел, қалың елдің бетке ұстарлары туралы осы ойлары, белгілі бір әлеуметтік топтағы адам бейнесін жасаудағы даралығы басқа тақырыпқа арналған өлеңдерінен де көрініп тұрады. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» – өнер туралы, өлең сөз туралы терең толғамдардан тұратын шығарма. Сөйте тұра бұл өлеңнің мазмұндық жүйесінде мал үшін тілін безеп, жанын жалдап жүрген жандардың келбеті де көлбеңдеп көз тартып тұрады.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтап күдай қарғап [2, 90], –

дегенде, ақын ел арасында өлең айтып, топта сарнап жүрген ақын аты бар кейбір жандардың ісін оңдырмай сынға алады. Бұл жерде сын да, сыр да, сымбат та қатар суреттелген. Соның нәтижесінде өлең желісінен белгілі адамның түрі мен түсі, сипаттары, мінез-құлқы толық көрінеді. Аудармашы осы бейнені, осы түр мен түсті төкпей-шашпай аудармаға алып барса, аударманың бағасы артып, көркемдігі күшейе түсерінде сөз жоқ.

Берілген өлең жолдарының төрт аудармасы бар. Оның үшеуі – көркем аударма, біреуі – жолма-жол аударма. Төрт аудармада осы төрт тармақ төрт түрлі мазмұнда, төрт түрлі көркемдік деңгейде беріледі. В. Звягинцеваның аудармасы мынадай:

Бродяга за подачку расточал
Душевный жар свой, тепа встречных лестью,
На стороне чужой, ценой похвал,
Он добивался невысокой чести [11,78].

Ақын тіліндегі «тілін безеп», «жанын жалдап» секілді тіркестердің айшығы да, мағынасы да қат-қабат, суреттілігі, бейнелілігі күшті, тұрақтылығы тиянақты. Олардың орындарын өзгертуге болмайды, олардың сынарларын да басқа сөзбен алмастыруға жол жоқ. Мұндай қанатты сөз тіркестерінің мағынасын оларды дәлме-дәл, сөзбе-сөз аудару арқылы беру мүмкін емес. Мұндай сөздердің орыс тіліндегі баламасын іздеп табу немесе олардың мағынасын басқа сөздер арқылы ұтымды жеткізу әрі сол арқылы түпнұсқадағы өмір құбылыстарының, адам бейнесінің ерекшеліктерін дәл жасау аудармашының шеберлігіне тікелей тәуелді. В. Звягинцеваның аудармасынан ондай шеберлік қырларын табу оңай емес. Түпнұсқадағы мал үшін біреуді алдау, біреуді арбау туралы ой сөйілген, ал мал үшін тіл безеп, жан жалдау ұғымдары беретін мазмұн жойылған. Сонда аудармашының кімнің шығармасын, қандай шығарманы аударып отырғаны көмескі тартып, белгісіз күйге түседі. Аударманың кейінгі екі тармағы да түпнұсқа мазмұнын толық сақтамайды. Түпнұсқадағы ақын атын алып жүрген жан жат елде қайыршылық қылып жүріп, өз елін бай деп мақтайды. Бұл арқылы ақын өз өлеңінде сипатталып отырған жанның болмысын, құлқын, жалпы табиғатын терең ашады әрі оны мінез деңгейіне көтеріп даралауға қол жеткізеді. Аудармада мұндай мазмұн да, мұндай мінез даралауға алып келетін ақындық таным да ашылмай, танылмай қала берген. Аудармадан ақынның осы ойлары сұйылып, әлжуаз тартып, мынадай күйге түскен: «ол жат жерде мақтау арқасында аласа абыройға ие болды». Бұдан түпнұсқадағы ойлардың тереңдігін де, бейнелілігін де табуға болмайды. Түпнұсқада екі түрлі жай бір-біріне қарама-қарсы суреттелген. Ол қарама-қайшылық сөз бен істің немесе сөз бен нақты шындықтың арасындағы алшақтықтан туады. Жат жерде жанын жалдап, тілін безеп қайыр сұрап жүрген жан сол жерде өз елінің бай екендігін айтып, қайшылыққа ұрынады. Елі бай,

жері бай адам өзге елде қайыр сұрап жүрмейтіні жұрттың бәріне барлық кезде де белгілі екенінде, белгілі болғанында сөз бар ма... Елі бай, жері бай адам өзге елдің ішінде қайыр сұрай ма... Ал елі бай, жері бай бола тұра, өзге ел, өзге жерде қайыр сұрау адамның азғынынан ғана шығуы мүмкін. Елі кедей, жері жұтаң, жұрты жоқ-жітік елден бар елге, бай жерге келіп қайыр сұрап жүріп, сол жоқ елін, жұтаң елін бай ел еді, бақуат еді, ырысы тасыған ел еді деп жырлау – бұл да танымның таяздығынан, ұяттың жоқтығынан шығатын жаман қылық қатарына жатады. Мұндай қайшылықтар арқылы ақын өз заманының адамының келбетін, мүсіні мен мінезін шебер жасайды деуіміздің себебі осындай. Аудармада бұлар, ақын талантына тән мұндай шеберлік қырлары мен даналық даралық із-түзсіз жойылып кете барған.

Мағыналық, мазмұндық дәлдігі, сәйкестігі жағынан М. Сильченконың жолма-жол аудармасы түпнұсқаға В. Звягинцеваның аудармасынан көп жақын:

Ради наживы острили язык, запродавали душу,
Выпрашивая подачку, иных обманивали, иных обвораживали
В чужом роду выклянчивали милостыню,
В своем – с клятвой восхваляли бая [6, 88].

Зерттеуші ақын өлеңінің мағынасын, мазмұнын бастапқы үш тармаққа дейін дұрыс беріп келіп, соңғы тармақта жаңсақ басып кетеді. Соның нәтижесінде «өз елінде байды мақтайды», «өзге елде қайыр сұрайды» деген секілді ой айтылады. Түпнұсқаға тағы көңіл аударғанда, ақынның суреттеп отырған жаны өзге елде қайыршылық жасап жүріп, өз елінің байлығын айтып мақтанатынын тағы қайталап көрсетуге тура келеді. Ол өз елінде байды мақтамайды, өзге елде қайыр сұрап жүріп, өз елінің байлығын мақтан қылады. Міне, осы бір анық та айқын, нақты ойды М. Сильченко жаңсақ түсініп, жолма-жол, сөзбе-сөз аудармасында түпнұсқамен тепе-теңдікті, мазмұндық теңдікті сақтай алмай қалады.

Ә. Қодар да түпнұсқаның болмысын толық аша алмаған секілді болып көрінеді:

Корыстыю зажженные, лезли из шкур,
Смотря на хозяев сквозь хитрый прищур.
В чужой стороне без стыда побираясь,
Свой край воспевали, мудры чересчур [5, 29].

Өлең мәтініндегі «мал үшін», «мал сұрап» сөздері беретін ұғымды аудармашы «корыстыю зажженные» сөздері арқылы беруді мақұл көрген. Абай бұл реттегі ойын нақты, ашық айтса, аудармада бұл ой жалпы сипатты иеленіп, өзінің заттылығын, нақтылығын жоғалтқан. «Тілін безеп», «жанын жалдап» секілді фразеологиялық тұрақты тіркестердің беретін мағынасын Ә. Қодар «лезли из шкур» сөздерінің көмегімен жеткізуді тиімді санаған. Аудармашының ізденістерін мансұқтауға бармай, оның шығармашылық еңбегінің көркемдік дәрежесін төмендетпей отырып, онда түпнұсқадағы барлық істің себебі қызметін атқарып тұрған мал, мал жинау мақсатының анық ашылмай қалғанын айтпасқа болмайды. Аудармадағы «корыстыю зажженные», «лезли из шкур», «хитрый прищур» секілді сөздер тобының бәрі, айналып келгенде, кейіпкердің мал үшін, мал алу үшін жасап отырған қылығы екендігі аудармада тиісті дәрежеде ашылмай, анықталмай тұр. Оның басты бір себебі, жоғарыда көрсеткеніміздей, нақты, затты ұғымды білдіретін «мал үшін», «мал сұрап» сөздерінің жалпы ұғым білдіретін «корыстыю зажженные» сөздері арқылы берілгендігінде. Кейінгі екі тармақтың мағынасын беруде де осындай нақты мағынаны жалпыландыру салдарынан туып жатқан олқылықтар бар. В. Звягинцеваға карағанда Ә. Қодар соңғы екі тармақтың мағынасын дұрыс жеткізген. Әйтсе де Ә. Қодардың аудармасынан «жат жерде ұятсыз сандалып жүріп, өз өлкесін жырлады, әсіресе, даналыққа салынды» деген ойды аңғармау қиын. Бұл ойдың түпнұсқа беретін мағынаға сай келмейтіні өз-өзінен көрініп тұр. Жат жерде қайыр сұрап жүріп, өз елінің байлығын жырлау туралы ой бұл жерде де көзге түспей, сырт қалған. Аудармадағы «свой край воспевали» мен түпнұсқадағы «өз елін бай деп мақтап» арасындағы алшақтық арасында да кейбір үндестік барын жоққа шығармау керек. Мұндағы үндестік «воспевали» мен «мақтап»

арасындағы мағыналық жақындықтан шығып жатыр. Түпнұсқада әйтеуір мақтау туралы әңгіме жоқ, онда «бай деп мақтау» туралы айтылады. Аудармада мақтау туралы ой бар да, «бай деп мақтау» туралы ой жоқ. Түпнұсқадағы «мақтаудың» мәнісі «бай деп мақтауда». Бекерден бекер мақтау немесе әйтеуір мақтау, пәнсіз мақтау түпнұсқаға жат. Ал аудармада мұның бәрі керісінше болып шыққан: онда пәнсіз, жөнсіз, беталды мақтау туралы сөз болады. Сонымен бірге аудармадағы «мудрый черезчур» сөздерінің басы артық, сірә, бұл сөздерді ұйқас құған тілек өз тарапынан алып келіп, түпнұсқа мазмұнына жанаспайтын болса да, қоса қойған болса керек.

Ақынның адам мен заман бейнесін жасаудағы шын шеберлігін танытатын өлеңдерінің бірі – «Байлар жүр жиған малын қорғалатып». Мазмұны, сыншылдық сипаты жағынан бұл өлең ілгеріде талданған өлеңдердің бәрімен үндес, сарындас. Мұнда да ақын өз заманының терең шындығын, сол заман шындығынан туып жатқан адам сырын, адам құлқын үлкен шеберлікпен, сыншылдық таныммен суреттейді.

Байлар жүр жиған малын қорғалатып,
Өз жүзін онын беріп алар сатып.
Онын алып, тоқсаннан дөме қылып,
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып? [2, 52], –

деген өлең жолдарында суреттелген өмір шындықтарында терең сыр бар. Ол сырдың басты қырлары абайтану саласындағы зерттеу еңбектерде кеңінен ашылды [1, 114-115; 12, 44-45]. Берілген жолдардың сөзбе-сөз аудармасын М. Сильченко мынадай түрде жасаған екен:

Баи живут, оберегая накопленный скот,
Сам (бай) дает десять (голов), а норовит взять сто,
Добыв десят, надеется на девяносто.
Уж не богом ли предназначено это народу? [6, 64].

Бай үшін осында көрсетілген құлық түгелдей лайықты екенінде сөз жоқ. Қалай болса да мал тауып, байлығына байлық

қосқысы келмейтін бай болған емес, болмақ та емес. Әйтпесе оның несі бай... Аудармадағы мұндай қасиеттер байдың қандайының бойына да лайықты болғанмен, Абай суреттеп отырған байдың сипаты мүлде бөлек. Ақын өлеңінде екі тұлға қатар көзге түседі. Оның бірі – өз жүзін онын беріп өзі сатып алып отырған бай. Өз малын өзімдікі дей алмай, өз малына өзі билік ете алмай, қу мен алаяққа он беріп, жүзді сақтап қалып отырған байдың бейнесі өлең жолдарынан анық елестейді. Өлеңдегі екінші тұлға – байдың жүзінің онын алып, енді қалған тоқсанынан дәме қылып отырған аларман. Мұның да бейнесі толық. М. Сильченко осы екі тұлғаның екі түрлі мақсаты мен ісін бір ғана адамның, байдың, бойына жинақтап, соның бейнесін нақтылайды да, одан алып отырған, алған үстіне ала беруге дәме етіп отырған қанағатсыз аларманның бейнесін ұмыт қалдырады. Бұл, сірә, зерттеушінің өлең мәтінін жете түсінбегендігінен болу керек. М. Зенкевич бұл өлең шумағын түпнұсқаға мейлінше жақын аударған:

Бай живет и охраняет свой скот,
Десять подарит – сотню убережет.
А тот, кто добудет десять голов,
И девяносто в придачу урвет [3, 33].

Әр тармақ, әр сөз деңгейінде талдау жасағанда да аудармашының түпнұсқа мазмұнын еш өзгертпей, оның мазмұны мен пішініндегі келісімді де сақтай алғандығына көз жеткізуге болады. Сөйтіп, өлеңдегі адам да, заман да аудармада өз сипаттарымен еркін және толық көрініс табады. Байдың ісі мен күйі қаншалықты анық берілсе, оның малынан дәме етіп жүрген алаяқ аларманның жағдайы да дұрыс ашылған. Түпнұсқаға адалдық, аудармашылық өнердегі шынайылық пен шыншылдық ақын өлеңінің аудармасын түпнұсқамен етене жақындатып, ақынның талант табиғатын, ақындық ойлау даралығын мейлінше дәл тануға жол ашады. Өлеңнің бастапқы шумағын аударуда осындай ерекше зерде, үлкен ізденіс көрсеткен аудармашы кей тұстарда мұнысынан жаңылып қалғандай, түпнұсқа мазмұнын сақтауды міндет етпей, еркіндікке жол береді:

У богатого исстари сила вся,
Обманщик избит, но не перевелся.
Чтобы честного человека травить,
Наготове любой держит злого пса [3, 33].

Аударманың алғашқы тармағы түпнұсқаның «Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан» деген тармағымен мағыналас бола алады деуге ешкімнің батылы бара қоймас. Түпнұсқада соншалықты анық, түсінікті айтылып тұрған ойдың аудармашының қалайша дұрыс түсіне алмағанына таң болмасқа шара жоқ. Ақын екі түрлі адамның тұлғасын көрсеткен. Оның бірі – күшті, екіншісі – бай. Бұл екі тұлғаның әрқайсысына тән іс нәтижесі бар: бірі жықпақ, екіншісі жеңбек. Екі түрлі тұлғаны және олардың әрқайсысына тән осындай іс нәтижесін көрсетпеген жағдайда, ақынның айтып отырған ойы сұйылып шыға берерінде сөз жоқ. Бұларды көрсетуді аудармашы міндетті санамаған жағдайда, ол ақын ойына тең түсер, онымен тектес басқа ойды ұсынуға тиісті еді. Аудармашы басқа ой ұсынбады деуге болмайды, бірақ сол ұсынып отырған ойы түпнұсқа мазмұнымен еш үйлеспейді, түпнұсқа беретін мазмұннан әлдеқайда кедей, ажарсыз. Шумақтың кейінгі екі тармағы түпнұсқа табиғатын біршама дұрыс жеткізеді. Онда да түпнұсқадағы эмоциялық реңкке ие болып тұрған «жаны аяулы жақсы» туралы ұғым түсіп қалған. Мұның өзі де аударманың эмоциялық мазмұнын сырт қалдырып, түпнұсқаның тек нақты мазмұнын ғана беріп отырғанын байқатады. Соңғы тармақтағы әркімнің сақтап жүрген иті жай ит емес, ырылдаған ит. «Ырылдаған ит» аудармада «қабаған төбет» (злой пес) болып аударылған. Қабаған ит – атау. Ырылдаған ит – бұл да атау. Бұл тұрғыдан келгенде, түпнұсқа мен аударма арасында ешқандай алшақтық жоқ дерлік. Бірақ түпнұсқаға тереңірек үнілген жағдайда, ақын тілінің басқа қыры мен сыры ашылады. Ырылдау итке тән болғанмен, «ырылдатып» сөзі белгілі бір істі, қимылды білдіретін басқа сөзді қимыл-сын, амал жағынан пысықтап тұр.

Тармақтағы «ырылдатып» сөзімен тікелей байланысты сөздердің тобын алсақ, онда олардың өзара байланысу, тіркесу жүйесі мынадай болады: әркім бір итті сақтап жүр; әркім бір итті

ырылдатып сақтап жүр, т.б. Бұдан көрініп тұрғандай, «ырылдатып» сөзі «сақтау» етістігімен тікелей байланыста. Сақтағанда жай сақтау емес, ырылдатып сақтау. «Сақтаушы» да, «ырылдатушы» да итті ұстаушы (әркім). Сақтау сөзін пысықтап, оған образ дарытып тұрған сөз де осы – «ырылдатып». Бұл жерде де эмоциялық мазмұн бары рас. Ал осы эмоциялық мазмұн иттің белгісін емес, оны ұстап, сақтап жүрген адамның тұлғасын ашуға қызмет етеді. Сондықтан аудармада түпнұсқаның осындай мағыналық қосымша реңкін, эмоциялық бояуын қайта жасаудың маңызы жоғары.

Айтылған жайлардың бәрі аудармашының түпнұсқа табиғатын, әсіресе шығармасы аударылып отырған ақынның талант даралығын, ақындық әлемін, поэтикасын жете тану немесе тани алмау жағдайымен тікелей байланысты.

Ақынның айтып отырған ойын білу және оны аудармада жеткізу, негізінен, екі түрлі деңгейде жүзеге асырылады: түпнұсқаның негізгі мағынасын, онда тұжырымдалған нақты мәліметті, хабарлай айтылған ойды дұрыс жеткізу бар. Мұның маңызы да өте жоғары екендігінде сөз жоқ. Сонымен бірге өлеңнің көркемдік-эстетикалық мәні, ақынның тек өзіне ғана тән поэтикалық машығы мен мәнері және бар. Оны аудармада таныта білу, жеткізе білу және бар. Қайсыбір тұстарда ақынның поэтикасына тән нәзік белгіні немесе бір нәзік бояуды өзгертудің өзі түпнұсқаға тән қасиетті арзандатып, ақынның поэтикасын мүлде ажарсыздандырып жіберуі мүмкін. Түпнұсқаның жалпы мазмұнын аударып баяндау мен оның поэтикасын сақтап аудару, аудармада ақынның поэтикасын кестелей білудің екі басқа шығармашылық құбылыс екендігінде дау жоқ. Ал бұл мәселе – өте күрделі, танымға да, талантқа да үлкен сын. Ақындығы келісті, талантты, білімі де, тәжірибесі де мола аудармашының өзі түпнұсқа авторының поэтикасын, оның даралығын жете тани бермеуі, таныса да жете бағалай алмауы ғажап емес. Түпнұсқаның сыртқы сипатын, ондағы сөздің лексикалық мағынасын тану және оны дәл аудару – бір басқа да, солардың бірлігі мен тұтастығы, келісімі мен жарасымынан және қызметінен туындайтын поэтикалық мәнді

тану – бір басқа. Алғашқы жағдайда хабарлай айтылған ойды әр аудармашы да жеткізе алатын болса, кейінгі жайды, ақынның поэтикасын, аударма білу, аудармада оны жасай білу таланттың талантының ғана қолынан келеді. Абай шығармаларының аудармалары туралы әңгіме қозғағанда, біз осы талапты көбірек ұстануды дұрыс көрдік.

Әдебиеттер

1. Өуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Монография // Өуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – т. XX. – Алматы: Жазушы, 1985. – 6-245-б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – т. I. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
3. Абай Құнанбаев. Избранное / перевод с казахского. – М.: Художественная литература, 1981. – 224 с.
4. Ахметов З.А. Лермонтов и Абай. – Алма-Ата: Казлитиздат, 1954. – 270 с.
5. Абай /Ибраһим/ Құнанбаев. Избранное / перевод с каз.комментарии А. Кодара. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 224 с.
6. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата: Изд. АН Казахской ССР, 1957. – 294 с.
7. Абай Құнанбаев. Избранное. – Алматы: Казгосиздат худ.лит., 1951. – 140 с.
8. Абай Құнанбаев. Избранное. – Алматы: Казгосиздат худ.лит., 1951. – 140 с.
9. Абай /Ибраһим/ Құнанбаев. Избранное /перевод с казахского. – М.: Художественная литература, 1970. – 272 с.
10. Абай. «свою судьбу от мира не таю...» Избранное / составитель Герольд Бельгер. Ответственный редактор Абдижамил Нурпейсов. – Алматы: Издательство «Қрамдс-Ахмет Йасауи» Казахского пен-клуба, 1995. – 279 с.
11. Абай. Тридцать семь стихотворений / сост. и пер. М. Адипбаев. – Алматы: Дом Печати «Эдельвейс», 2006. – 440 с.
12. Ахметов З.А. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
13. Құнанбаев А. Собрание сочинений в одном томе. Стихотворения. Поэмы. Прозы / перевод с казахского. – М.: Госиздат.худ.лит., 1954. – 416 с.
14. Құнанбаев А. Избранные стихи / перевод с казахского, сост. А.Л. Жов-тис. – Алма-Ата: Жазушы, 1985. – 168 с.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I тарау. Мәдениетаралық байланыстар	6
II тарау. Классикалық үлгі	37
III тарау. Көркемдік бейнелеу құралдары мен өзекті ойлар	54
IV тарау. Асыл нұсқа және аударма	80
V тарау. Мазмұн мен мағына	122
VI тарау. Образ және образдылық	158
VII тарау. Қабылдау мен пайымдау арналары	186
VIII тарау. Көркем ақпарат: аңғару мен аудару	209
IX тарау. Авторлық дүниетаным (түсіну, пайымдау, бағалау)	261
ҚОРЫТЫНДЫ	288

Оқу басылымы

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IX том

Пәнаралық-зерттеу

Авторлар:

*Дәдебаев Жангара, Тарақ Әнуар,
Көпбасарова Айнұр, Қожақанова Мәдина,
Сандыбаева Құралай, Сәйдәжиева Айдана,
Кіребәева Айдана, Түнкер Айсұлу*

Редакторы *К. Мухадиева*

Компьютерде беттеген *Ұ. Әбдіқайымова*

Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

ИБ № 9189

Басуға 26.02.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$.
Көлемі 18,18 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №235.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.